

Павлодар қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 1376 /27 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 желтоқсанда № 6206 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Заңының 3-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Заңының 6-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Павлодар қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар қаласындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Павлодар облысының Полиция департаменті Павлодар қаласының Полиция басқармасы" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) осы қаулыны іске асыру мақсатында тиісті іс-шаралардың өткізуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің аппарат басшысы С. Қ. Ермакбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қаласының әкімі

Ә. Күмpekеев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер

министрлігінің Павлодар облысының

Полиция департаменті

Павлодар қаласының

Полиция басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Б. Байбуринов

2018 жылғы "27" желтоқсан

Павлодар қаласы әкімдігінің

2018 жылғы "28" желтоқсан

№ 1376/27 қаулысына

қосымша

Павлодар қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

1. Азаматтарды көтермелеудің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйлықақы беру;
- 4) өз құзыреті шегінде жергілікті атқарушы орган айқындайтын өзге де шаралар болып табылады.

2. Азаматтарды көтермелеудің тәртібі:

1) қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі қалалық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарайды;

2) қоғамдық тәртіпті сақтауға белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынысты (қолдау хат) Комиссияның қарауына "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Павлодар облысының Полиция департаменті Павлодар қаласының Полиция басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Павлодар қаласының ПБ) енгізеді;

3) комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады;

4) Павлодар қаласының ПБ ақшалай сыйақыны төлеуді облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді;

5) қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермелеу шараларын Павлодар қаласының ПБ салтанатты жағдайда жүзеге асырады.

Ақшалай сыйақының мөлшері 10 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспауы қажет.